

6D011000 - «Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Шектибаев Нурдаулет Атеновичтің «Ядро және элементар бөлшектер физикасы» элективті курсының оқыту барысында болашақ физика мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясының ғылыми кеңесшісі физика-математика ғылымдарының докторы, доцент Тұрмамбеков Төрөбай Абдрахманұлының

ПІКІРІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы - 2050» стратегиясы: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған негізгі мәселелердің бірі – білім алушыларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Олардың оқыту нәтижесі студенттердің сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игерген болуға тиіс делінген Елбасы жолдауында. Демек, болашақ маман иесін заман талабына сай даярлау, қазіргі жоғары оқу орындарының басты мақсаттарының бірі екендігі белгілі.

Білім беруді модернизациялаудың басты идеяларының бірі – адамның құзыреттілігін қалыптастыру болып отыр. Осыған орай, жаңа заман тұлғасының қалыптасуы мен оған білім беруде құзыреттілік тұрғыдан қарау мәселелеріне, сондай-ақ, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мәселелеріне елеулі көңіл бөліп, жан-жақты зерттей білген.

Осы орайдан алғанда, PhD-докторант Н.А. Шектибаев өзінің зерттеу жұмысында болашақ физика мұғалімдердің пәндік құзыреттілігін дамыту әдістемесінің педагогикалық негіздерін айқын көрсеткен және PhD-докторлық диссертациясы жоғары оқу орындарының сапалы білім беруде қосатын өзіндік үлесі барын ескерсек, Н.А. Шектибаевтың зерттеу жұмысы қазіргі кезде көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр.

PhD-докторанты Н.А. Шектибаевтың ғылыми-зерттеу жұмысының жетістіктерін төмендегі түрде көрсетуге болады:

Н.А. Шектибаевтың болашақ физика мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту мақсатында «Физика» пәнін оқыту әдістемесін жасауға арналған диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық және практикалық құндылығы бар.

Теориялық құндылығы - білім беру іс-әрекетін жүзеге асыру, мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру заңдылықтарын, сондай-ақ, педагогикалық үдерістегі ақпараттың әлеуметтік рөлі туралы ережені ашып беретін қазіргі заманғы философиялық, психологиялық және педагогикалық тұжырымдамалар құрайды.


Зерттеу нәтижелері бойынша «Физикадағы инновациялық педагогикалық технологиялар» атты элективті курс, «Атомдық және ядролық физика» курсы бойынша лабораториялық жұмыстар жинағы» әдістемелік нұсқаулық даярланып, оқу үдерісіне енгізілді.

Шектибаев Нурдаулет Атеновичтің зерттеуін іргелі ғылыми зерттеу жұмыстарына жатқызуға болады. Өйткені, болашақ физика мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту, оны педагогикалық үдеріске ендіру бұған дейін толық мәнді зерттелмеген. Зерттеу жұмысында физика мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту арқылы болашақ мұғалімдердің практикалық икемділіктері мен дағдыларының, қолданбалы білімдерінің қалыптасуы ғылыми тұрғыда сарапталып, негізделген.

Сондықтан Шектибаев Нурдаулет Атеновичтің «Ядро және элементар бөлшектер физикасы» элективті курсын оқыту барысында болашақ физика мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін дамыту әдістемесі» атты ғылыми зерттеу жұмысы аяқталған жұмыс, автор «6D011000 - Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты деп есептеймін.

Пікір беруші:

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті, «Физика» кафедрасының
меңгерушісі, физика-математика
ғылымдарының докторы, доцент**



Т.А.Тұрмамбеков

